

# ЖАҚСЫ АДАМДАР ЖАНЫМЫЗДА

## НАР ТҰЛҒАЛЫ АЗАМАТ

Ауданымыздағы спорттық жан—жақты дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан ар қалы азаматтардың бірі—Жәкен Ақыжанов. Ердiң жасы елудi еңсерiп қалған Жәкен Ақыжанұлы 1942 жылы қыр күйектiң 10—жұлдызында дүниеге келген. Еңбек жолын 1966 жылы аудандық бала—лар мен жасөспiрiмдер спорт мектебiнде жаттықтырушылықтан бастаған ол содан берi өткен 32 жылда үзбей спорт саласында жемiстi еңбек етiп келедi. Қазақша күрестен және самбодан спорт шеберi Ж. Ақыжанов 1964 жылы Ленинград қаласында өткен әскери аймақтық бiрiншiлiкте самбодан спорт шеберлiгiне кандидат болса, 1968 жылы Бүкiл одақтық ауыл спортшыларының бiрiншiлiгiне қатысып жүлдемен оралды.

1973 жылы Торғай қаласын да өткен Қазақстан спортшыларының спартакиадасында қазақша күрестен 1—орынға ие болып қазақша күрестен спорт шеберi атағын қорғады. 1975 жылы Ташкент қаласын

да самбодан өткен бүкiлодақтық турнирге қатысқан Ж. Ақыжанов самбодан спорт шеберi атағын алып оралды.

1981 жылдан бүгiнгi күнге дейiн аудандық балалар мен жасөспiрiмдер спорт мектебiнiң директоры қызметiн атқарып келе жатқан Жәкен Ақыжановтың алдын көрiп, күрестiк қыр—сырын жетiк игерген шәкiрттерi көптеп саналады. Республика чемпионы, спорт шеберлерi Т. Төлепбеков, Қ. Әбiшев, С. Айнатаев тәрiздi Жәкеннiң шәкiрттерi ауданымыздың да мақтанышы.

Ж. Ақыжанов жетекшiлiк ететiн аудандық спорт мектебiнiң спортшылары аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатысып жүлделi орындарға ие болу жемiстi еңбектiң арқасы екенi даусыз.

Құралайды көзге атқан мер

ген Ж. Ақыжанов жыр алыбы Жамбылдың 150 жылдық мерейтойына орай өткiзiлген спартакиада да аудан намысын қорғап, жамбы атудан

күсбегiлiктi дамытуда да сүбелi үлес қосып, нәтижелi жұмыстар жүргiзiп келедi. Жәкен Ақыжанұлының қажыр—қайраты мен ұлттық өнерге

### ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметтi де, ардақты Жәкен АҚЫЖАНҰЛЫ, Аюлы төсiнде «Ардагер күрескер» атты турнирдiң есiмiнiзбен өту мерекесiмен құттықтаймыз!

Ұзақ өмiр, зор денсаулық, еңбекте табыс, отбасында бақыт тiлеймiз.

Игi тiлектiен: апайың Жiбек, жолдастарың Шәкен—Салима, Телеубек—Бәтима, Марал—Шолпан, Алпыс—Алтын, Шайхы—Шамшня,

жүлделi орынға ие болды.

Сегiз қырлы, бiр сырлы Жәкен халқымыз сүйген ұлттық өнер—аңшылықты, атбегiлiктi,

деген азаматтық көзқарасы—ның арқасында ауданымызда ат спортына ерекше назар аударылып, бүгiнде спорттың

бұл түрiнен облыс көлемiде бiрден—бiр ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелi iстерге қол жеткiзiлдi.

Ұлттық өнердi жалғастырып, оның ғажайып тағылымы мен қыр—сырын жетiк бiлiп өсуге жастарымызды баулуда игiлiктi iстерге мұрындық болып басшылық жасап келе жатқан спорт тарланының еңбегi атаусыз қалған жоқ, Ауданымыздың спортын жан—жақты дамытуға қосқан қомақты үлесi үшiн Жәкен Ақыжанұлы әлденеше рет аудандық бiлiм бөлiмiнiң, облыстық бiлiм департаментiнiң Құрмет грамоталарымен марапатталса, өткен жылы Қазақстан Республикасы бiлiм денсаулық және мәдениет Министрлiгiнiң Құрмет грамотасымен марапаттады.

Азаматын ардақтай бiлген халқымыз қазақша күрестен Жәкен Ақыжанұлы атындағы аудандық турнир өткiзудi ұйымдастырып отыруы да аптал азаматқа көрсетiлген құрмет.

# АРНАУ

Сегіз қырлы, бір сырлы Аюлыда бар жігіт,  
Ел сенімін ақтаған сом білекті нар жігіт.  
Құрметің, сыйың бар, ардақтысың халқыңа,  
Жыр арнадым құрметпен бүгінгі мына даңқыңа.

Жарасар жігітке өнер күрес деген,  
Ақылыңа күшің сай білекпенен.  
Аттандырып жарысқа халқың сені,  
Қарсы алған құрметтеп тілекпенен,

Өнер жидың жасыңнан нар бойыңа,  
Бес қаруың сайлаулы тұр бойыңда.  
Аң қағып салбурынға салған еді,  
Бұғылы мен Тағылының қыр, ойыңда.

Бәйге ат, құмай тазы, қыран құсың,  
Туған жердің аралап шыңын, құзын,  
Қасқыр, қарсақ, түлкінің қарға аунаған,  
Білесің Аюлыда жорғар тұсын,  
Аңшының сай келеді сүйген жары,  
Ақ Жарқын оймақ ауыз бар ажары.  
Жайраңдап аңнан қайтсаң сан жаннаттай  
Күлімдеп қарсы алады жар Мниаптай.

Еңбегіңнің жемісін көрдік бүгін көзіңмен,  
Үлгі алған ұрпақ бар тәрбие алған өзіңнен.  
Сомдаи шықтың нендей бір өнерліні,  
Жігітке жеті өнер болған үлгі,  
Ақтаңгер Жәкең ардагер Жәкен,  
Тілейміз саған денсаулық бекем.  
Аққудай қалқып айдында жүзген,  
Жасай бер ұзақ қосағыңменен.  
Немере құтты болсын дүниеге келген,  
Сом білекті өзіңдей болсын мерген,  
Жырымды арнап өзіңе сөз маржанын табайын,  
Тілек айтып тойыңда жібек шапан жабайын.

**С. СӘЛМЕНОВА,**

**Зейнеткер-ұстаз,**